

## Жеке тұлғалардың мемлекеттік орман қоры аумағында болуына тыйым салу туралы

Жамбыл облысы әкімдігінің 2013 жылғы 30 мамырдағы № 142 қаулысы. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 26 маусымда № 1962 болып тіркелді

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі Орман кодексінің 15 бабының 11) тармақшасына және «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27 бабындағы 1 тармағының 9) тармақшасына сәйкес Жамбыл облыс әкімдігі

**Қ А У Л Ы Е Т Е Д І :**

1. Өрт қаупі жоғары болып тұрған кезеңде (ағымдағы жылдың 1 шілдесінен 20 қыркүйегіне дейін) жеке тұлғалардың мемлекеттік орман қоры аумағында болуына **т ы ы м с а л ы н с ы н .**

2. Аудан әкімдері және «Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі өз құзыреті **ш е г і н д е :**

1) халық арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізуді, соның ішінде бұқаралық **а қ п а р а т қ ұ р а л д а р ы а р қ ы л ы да ;**

2) мемлекеттік орман қоры аумағына кіреберістерді шлагбаумдармен жабдықтауды, тәулік бойы аумақтардың периметрі бойынша қоруды ұйымдастыруды қамтамасыз **е т с і н .**

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары Кәрім Насбекұлы **К ө к р е к б а е в қ а жү к т е л с і н .**

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап заңды күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен **с о ң қ о л д а н ы с қ а е н г і з і л е д і .**

*Облыс әкімі*

*Қ. Бозымбаев*